«Ара Майя» бөбекжайы
Кезектен тыс педагогикалық кеңесінің
ХАТТАМАСЫ

Күні: 27.05.2026 ж.
Өткізілген орны: «Ара Майя» бөбекжайы
Комиссия төрайымы: Кусаинова Г.Т – меңгеруші
Хатшы: Тимербаева А.А.
Қатысқандар: 6
Қатыспағандар: жоқ

Күн тәртібі:

- Мектепке дейінгі ұйымның өзін-өзі бағалауға дайындау және өзін-өзі бағалау комиссиясын құру.
- Тәрбиешілердің даму мониторингінің болуы және нәтижелері бойынша баланың жеке даму карталарында талдау.
- Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбиешілердің жетістіктерін мониторингтеу нәтижелері мен талдау.
- МДТО ҮОЖ бойынша тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарды сақтау.
- Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру.
- Тәрбиешілерді 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.

Тыңдалды:

Г.Т.Кусаинова мектепке дейінгі ұйымның меңгерушісі қатысушыларды Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментінің бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі ұйымдарды аттестаттаудан өткізу кестесімен таныстырды.

Мемлекеттік аттестаттау Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 «Білім беру ұйымдарының өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, алдыңғы оқу жылдарының (2024–2025, 2025–2026) және ағымдағы 2026–2027 оқу жылының нәтижелеріне бағалау жүргізілетінін хабарлады.

Мектепке дейінгі ұйымның меңгерушісі оқыту нәтижелерін бағалау келесі өлшемшарттарға сәйкес жүзеге асырылатынын түсіндірді:

1. Оқу жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандартына және үлгілік оқу бағдарламасына сәйкестігі.
2. Білім беру қызметін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асыру.
3. Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын сақтау.
4. Баланың дамуын мониторингпен қамтамасыз ету және оның жеке даму картасын толтыру.
5. Тәрбиеленушілердің жеке даму карталары бойынша талдау жүргізу.
6. Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, жетістіктерін мониторингтеу және талдау.
7. МДТО ҮОЖ бойынша оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне сәйкестігі мен сақталуын қамтамасыз ету.
8. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру.
9. Тәрбиеленушілерді 1-сыныпқа қабылдауға дейін үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.

Н.Г.Сагиева мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешісі ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін олардың психофизикалық даму ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, жеке оқу жоспары мен арнайы бағдарламасын іске асыруға, сондай-ақ баланың жеке даму картасын толтыруға ерекше назар аударуды сұрады.

Шешім:

1. Мектепке дейінгі ұйымның өзін-өзі бағалау жоспары жасақталсын.
2. Өзін-өзі бағалау комиссиясы төмендегі құрамда бекітілсін.

Комиссия төрайымы: Кусаинова Г.Т – меңгеруші.

Комиссия мүшелері:

- Н.Г.Сагиева – тәрбиеші.
- А.С.Балжанова – тәрбиеші.
- А.О.Акниязова – тәрбиеші.
- А.Б. Тулегенова – медбике.

Хатшы: Тимербаева А.А.

Төрайым: Г.Т. Кусаинова
Хатшы: А.А. Тимербаева